

Импорттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 418 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 мамырда № 11006 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 457 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.09.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Экспорттық бақылау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заны 6-бабының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Иморттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.К. Ержанов):

1) осы бұйрықтың мемлекеттік заңнамада бекітілген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет- порталдарында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Зан департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы мәліметтерді жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің вице-министіріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы № 418
бұйрығымен бекітілген

Импорттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Иморттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Экспорттық бақылау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді және иморттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру тәртібін айқындайды.

2. Иморттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру тәртібі

2. Иморттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесінің ресімдеуді тауарлар, соның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімдерді иморттаушы өтініш жасаушы жүзеге асырады.

3. Иморттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесі кепілдік міндеттеме (түпкі пайдаланушының сертификатын) алу үшін негіз болып табылады.

4. Иморттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

5. Иморттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесі келісімшартқа енгізілген өнімнің мөлшері мен номенклатурасына қарамастан бір мәмілеге ресімделеді.

6. Иморттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесіне уәкілетті адам қол қояды және иморттаушының (түпкі пайдаланушының) мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – КР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Импорттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін тексеру және белгілеуді өз құзыret шеңберінде экспорттық бақылау жүйесіндегі Қазақстан Республикасының органдарымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес екілетті орган жүзеге асырады.

Импорттаушылардың
(түпкі пайдаланушылардың)
кеңілдік міндеттемелерін
ресімдеу және олардың орындалуын
тексеру
қағидаларына қосымша
нысан

Импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесі

СЕРТИФИКАТ №					
1. Импорттаушы (занды және нақты мекенжайы, телефоны) БИН (ЖСН)	2. Импорттаушы ел				
3. Экспорттаушы (занды және нақты мекенжайы, телефоны)	4. Экспорттаушы ел				
5. Түпкі пайдаланушы (мекенжайы, телефоны және қызмет саласы)	6. Алынған лицензиялар туралы ақпарат				
7. Тауарды орналастыру және (немесе) пайдалану орны	8. Тауарды түпкі пайдалану				
9. Тауардың атаяу	10. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды	11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды			
12. Сертификатты сұрату үшін негіздеме (келісімшарт немесе шарт, № мен кол қойылған күні)	13. Өлшем бірлігі	14. Саны			
15. Импорттаушы (түпкі пайдаланушы) 9-тармақта көрсетілген тауарды Қазақстан Республикасына импорттауға міндеттенеді. Импорттаушы (түпкі пайдаланушы) 9-тармақта көрсетілген тауарды 8-тармақта көрсетілген мақсатта пайдалануға, оны Қазақстан Республикасының аумағындағы шаруашылық қызметтің басқа субъектісіне бермеуге және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдың рұқсатынсыз кері экспорттамауга міндеттенеді					
17. Импорттаушы Т.А.Ә. Лауазымы Қолы, М.О. Күні	18. Түпкі пайдаланушы Т.А.Ә. Лауазымы Қолы, М.О. Күні				

Сыртқы жағы

Импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесіне қосымша

P/c №	Tауардың атаяу	СЭҚ ТН бойынша коды	Бақылау тізімдері бойынша коды	Саны	Өлшем бірлігі
-------	----------------	---------------------	--------------------------------	------	---------------

1	2	3	4	5	6
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
Барлығы парап Парақ №	Импорттаушы Т.А.Ә. Лауазымы Қолы, М.О. Күні			Тұпкі пайдаланушы Т.А.Ә. Лауазымы Қолы, М.О. Күні	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК